

ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: АНТОЛОГИЯ, I

Виктор Шкловский
«Өнер – әдіс (техника) ретінде»



Мақсаты: В. Шкловскийдің «Өнер тәсіл ретінде» деген еңбегін қабылдаудың жалпы заңдылықтары мен алгебралық әдістер тұрғысынан талдау; «шеттету» тәсіліне Л. Толстой шығармаларынан мысал келтіре сипаттама беру.

Кілт тіркестер: орыс формализмі, көркем радикализм, шеттету тәсілі, алгебралық әдіс.

Негізгі идеялар:

- В. Шкловский қабылдаудың жалпы заңдары туралы.
- В. Шкловский алгебра мен тілдесу арасындағы параллель туралы.
- Л. Толстой шығармалары негізінде өнердегі «шеттету» тәсілін талдау.
- В. Шкловский ырғақ рөлі туралы.

Дәрісімізді бастамас бұрын Виктор Шкловскиймен танысып көрейік. Виктор Шкловский – орыс жазушысы, әдебиеттанушы, сыншы, кинотанушы және киносценарист, формализм бағытының көрнекті өкілі. Математик мұғалімнің отбасында Санкт-Петербург қаласында дүниеге келген. Әкесінің ағасы танымал публицист, сыншы және этнограф болған. Виктор Шкловский Петроград университетінде филология факультетін бітірген. Сол жерде оқып жүріп «Ақын тілін зерттеу қоғамы – ОПОЯЗ» құрды. В. Шкловскийдің басты лозунгтары «сюжет – стильдің құбылысы» және «әдеби шығарманың мазмұны оның стилистикалық тәсілдерінің соммасына тең» деген тұжырымдарға негізделді. Оның қасында танымал лингвистер және оның достары Эйхенбаум, Тынянов және Роман Якобсон болды.

В. Шкловский өзінің шығармашылық жолында бірнеше наградалар мен премияларды иеленген. Атап айтқанда, IV дәрежелі Георгиев кресті, үш мәрте Еңбек қызыл ту ордені, Халықтар достастығы ордені, «Эйзенштейн» кітабының екінші басылымы үшін алған КСРО Мемлекеттік премиясы және т.б. В. Шкловскийдің орыс формализмінің дамуына елеулі үлес қосқан «Искусство как прием» («Өнер тәсіл ретінде») атты шығармасы оның басты еңбегі екенін атап өту керек. Жалпы, Орыс формализмі ХХ ғасырдың бас кезіндегі танымал әдебиеттану ғылымындағы мектептердің бірі болғаны естеріңізде болар. Зерттеушілер бірде әдебиетті ғылыми негізде зерттеуге тырысса, бірде әдеби тәсілдер шеңберінде талдауды көздеді. Олардың қатарында орыс формализмі көркем радикализм ұстанымдарын басшылыққа алуымен оқшауланды. Дәл сол кезде өнер адам санасында трансформацияланып, әлем өзгеше зерделену қарсаңында тұрды. 1916 жылы I дүниежүзілік соғысқа қарсы жауап ретінде құрылған «Дада» қозғалысының радикалды авторлары өнердің «жаңа талқандау» мақсатындағы түрін қалыптастыру қарсаңында еді. Олардың ойынша, соғыс сияқты зұлымдықты тудырған Ақыл әрекетіне қарсы поэзия өзінің иррационалды сипаттамасымен жауап беру керек болатын. Поэзия өлеңнің рационалды түрлерін жоққа шығара отырып, өзінің жаңа ойлау модельдерін негіздеуі тиіс деп есептелді.

«Дада» (ссылка: Марсель Янко, постер вечера другого дадаиста Тристана Тцара) мағынасы өзгеге жанаса бермейтін және антибуржуазиялық ұстанымдарымен ерекшеленді. Ол «отбасылық құндылықтарды» жоққа шығарды. Нәтижесінде, Тристан Тцара: «Жаңашылдыққа деген махаббат жанашырлықтың белгісі, себепсіз оң әрекеттер тізбегі болып табылады. Дегенмен, бұл қажеттілік бүгін ескірді... Қазір аса қарапайымдылыққа негізделген өнерді қалыптастыру үшін, біз адамгершілік қағидаттарын жоғары ұстаймыз... Осыған орай, аталмыш манифестті жазу барысында мен адамдардың бір таза ауамен тыныстанып, қарама-қайшы әрекеттер жасай алатынын дәлелдегім келді. Мен қарсылыққа бағытталған әрекетке, жақтаушы немесе қарсыласушы мағынасындағы пікірлерге қарсымын...», – деп жазды.

Бұл «Даданың» негізгі тұжырымдамасы болды. Дегенмен оның да әдеби тұжырымдардың қалыптасуына ықпалы зор еді. «Даданың» идеясына сүйене отырып, белгілі орыс әдебиеттанушысы Виктор Шкловскийдің поэзия адамдардың қоршаған ортаға сәйкес бейімделетін күнделікті тәжірибесін күшейтеді деген пікірі үстемдік алды. Теоретик поэзия бұл өмірді жоққа шығара отырып, жаңартады деп есептеді. В. Шкловский: «поэзия – адамға тән ойлау қабілетінің ерекше үлгісі, ол образды ойлау тәсілі болып табылады. Бұл әдіс белгілі бір деңгейде адамның ақыл қуатын үнемдеуге мүмкіндік береді. Аталмыш үнемдеудің көрсеткішін эстетикалық сезім анықтайды», – деп тұжырымдады. Осы бағытты ұстазының еңбектерін мұқият оқыған



академик Овсяннико-Куликовский де оны қолдады. Потебня мен оның мектептестері поэзияны образды ойлаудың ерекше түрі деп есептеген болатын. Ал образдардың міндеті ретінде олардың көмегі арқылы әр текті пәндердің топқа бірігуі және белгісіз әрекеттер арқылы белгілі әрекеттердің түсіндірілуі айқындалды (3).

В. Шкловский XX ғасырдың басында Петроградтағы формалистердің зерттеу тобының негізін қалаушылардың бірі болды. Ол сол уақыттағы ең жаңашыл ойшылдың бірі деп есептелді. Шкловский әдеби зерттеулерді діни саладан ғылыми салаға ауыстыруға тырысты. Өзі бастаған әріптестері символистермен дауласа отырып, поэзияны спиритуалистік терминдер ретінде қарастырған дұрыс деп шешті. Теоретик қарапайым прозадан оны ерекшелеп тұратын «әдеби» сапаның құрылымы мен әдісін нақты сипаттауға тырысты, аталған эсседе ол мұндай құрылымдар әдетте қалыпты қабылдауға кедергі келтіреді деген қорытынды жасады. Эссе поэзияда Еуропада бір мезгілде, мысалы, «Дада» қозғалысы арқылы болған шартты ғылыми бастама мен жаңашылдықтар арасындағы ұқсастықты көрсетті.

В. Шкловскийдің «Искусство как прием» («Өнер тәсіл ретінде») еңбегі өзінің шығармашылық өмірінде ғана емес, Ақын тілін зерттеу қоғамы (ОПОЯЗ) тарихындағы ең танымал да, маңызды шығармалардың бірі болды. Осы еңбекте орыс формализмінің негізгі түсініктері болып табылатын «прием/қабылдау», «остранение/шеттету» және «автоматизация» терминдері алғаш қарастырылып, кейін кеңінен қолданысқа енген.

Әдебиеттанушы бұл термин арқылы кез келген жазушыға өз оқырманын шығарманы оқу барысында оның кейбір бөліктерін автоматты түрде қабылдауды болдырмауға тырысу керек екенін көрсеткісі келді. Осы арқылы сипатталатын кез келген нәрсе оқырман үшін әдеттен тыс, үйреншікті емес күйде көрінеді. Сәйкесінше, оқырманның қызығушылығы артып, үйреншікті затқа жаңа қырынан қарауға мүмкіндік туғызады деген қорытындыға келген.

В. Шкловскийдің ойынша қабылдаудың жалпы заңдарына терең бойлай отырып, олардың автоматты және үйреншікті деңгейде жүзеге асатынын бақылауға болады. Соның арқасында адамға тән әрекеттер тізбегі уақыт өте келе, саналы түрде емес, автоматты түрде жүзеге асатын дағдыларға айналады деп тұжырымдалды. Айталық, ғалым адамның қалам ұстап, ағылшын тілін алғаш үйрене бастаған кезеңімен сан алуан рет қайталанған әрекетін салыстырып көрсеңіз, екеуі екі түрлі сезімге құрылатынын байқау қиынға соқпайды деп есептеді. Бірнеше қайтара іске асырылған мұндай әрекеттердің астарындағы үйреншікті дағдыларды зерттеуші сөз бен тілдік оралымдар дағдысында да орын алу мүмкіндігі бар үлгілермен сабақтастырды. Оған дәлел ретінде айтылар ойдың аяқсыз қалуын немесе меңзеумен шектелуін келтіруге болады. Бұл үдерістерді Шкловский алгебрадағы символдың ауысулармен салыстырды. Тез жүзеге асатын тілдік қарым-қатынас модельдерінде сөздер кейде толық айтылмай жатады, дегенмен екі жақ та не туралы сөз болып жатқанын түсіне қояды. Кейде сөздерден тек түсініксіз дыбыстар сәйкестігі ғана берілуі мүмкін.

В. Шкловский алгебра мен тілдесу арасындағы параллель арқылы ойдың бұл сипаттамасы тек алгебралық әдісті басшылыққа алып қана қоймай, қажет символдарды таңдауға да көмектеседі деп түсіндірді. Мысалы; дыбыстардың немесе алғашқы әріптердің көмегімен жасалатын символдарды алып қарауға болады. Аталған «алгебралық» әдіске сәйкес кез келген нысандар нақтыланбай-ақ қабылданады. Олар кейде толық көрінбей немесе аталмай да жатады. Дегенмен олар белгілі бір сипаттамалары бойынша меңзеліп қабылданады. Жасырылған немесе нақтыланбаған зат өзіне ғана тән конфигурациясы негізінде танылады. Кейде бұл заттар адам санасынан із-түссіз жоқ болып кетіп жатады. Нәтижесінде кезінде оның бар болғаны ұмыт қалады. «Алгебраландыру» үдерісі немесе нысанның шектен тыс автоматтануы перцептивті әрекеттердің үнемділігін қамтамасыз етеді. Нысандарға белгілі бір функция телінеді, мәселен, оларға сандық бірліктер беріліп, олар санада пайда болмайтын формуламен жұмыс істейді. Мысал ретінде Виктор Шкловский Лев Толстойдан үзінді келтіреді: «Мен бөлмені тазалап жүріп, диванға келдім. Оны сұрткен-сұртпегенім есімде жоқ. Бұл әрекеттерім үйреншікті әрі саналы емес түрде болғандықтан, оны есіме түсіру де мүмкін болмай тұр. Демек, сұртсем де ұмытылған әрекет санасыз істелгендіктен, болмағандай әсер қалдырады. Өзге біреу саналы түрде байқап тұрса, еске түсіруге болар еді... Дәл осылай саналы емес түрде, яғни автоматты түрде жүзеге асырылатын әрекеттер қаншама. Өмір де тура солай өтіп жатады... Бұл өмір де жоққа тән әсер қалдырады» (2).



Автордың келесі ойларына да назар аударуға болады: «Осылайша, өмір де жоқ болады... Автоматтандырылған процесс заттарды, көйлектерді, жиһаздарды, әйелдерді, соғыс қорқынышын да жеп қояды. Егер өмір дәл осылай өтетін болса, ол өмірді болмады деп те есептеуге болады...» (3). Осы тұжырымдардың жалғасы ретінде Шкловский өнердің өмірді өмір деп, тасты тас деп сезіндіретін қасиетін бөліп көрсетеді. Зерттеуші өнердің мақсаты заттардың сезілуін тану деңгейінде ғана емес, көру ретінде бейнелеуге негізделу керек деп анықтады. Өнерге тән «шеттету» тәсілі де қабылдаудың ұзақтығын қамтамасыз етуге қызмет ету керек деп танылды. Өнер заттардың жасалу процесін өзектеу керек, ал жасалып болғандар өнер үшін маңызды емес деген түсінік үстемдік етті.

Зерттеуден алынған келесі үзінді өнердегі тәсілдерді өмірден алынған мысалдармен салыстыруға негізделді: «Бірнеше рет қабылданған заттар бірден таныла бастайды. Кейде алдымызда тұрған затты біле отыра, біз оған мән бермейміз, сөйтіп оған назар да аудармаймыз. Нәтижесінде ол туралы ешнәрсе айта да алмаймыз. Шығатын қорытынды: автоматты түрде қабылданатын заттар өнердің әр түрлі тәсілдері арқылы есте сақтала бастайды. Бұл мақалада мен Л. Толстой әрдайым қолданатын тәсілге тоқталуды жоспарлап отырмын. Шеттету тәсілі бойынша Л. Толстой заттарды өз атымен атамай, оны алғаш көріп тұрғандай әсермен сипаттайды. Бұл жағдайда жазушы бұрыннан таныс сипаттамаларды ғана емес, өзге заттардың да ерекшеліктерін қолдана баяндайды. Мысал ретінде Л. Толстойдың «Ұят» деген мақаласындағы үзінділерге сүйенуге болады. Жазушы ұрып-соғудың мәнін қалдырғанымен, оның жүзеге асырылу түрін айрықша сипаттады, сол арқылы аталмыш әрекеттің есте сақталуын қамтамасыз етті. Шеттету тәсілін Л. Толстой барынша жиі пайдаланды. Кейбір әңгімелерінде баяндау жылқының атынан жүргізіліп, қабылдау да соның қабылдауымен күрделендірілген».

Антологияға қосылған үзінділер Виктор Шкловскийдің өнерге тән тәсілдерді әдеби таным бірлігі ретінде қарастыруына негізделгені – назар аударатын мәселе. Талдау барысында әдебиеттанушы Л. Толстойдың үзінділеріне жиі жүгінеді. Оларды шеттету тәсілінің айқын көрсеткіші деп бағалайды. Автор: «Толстойды жақсы білетіндердің әрқайсысы жазушы шығармаларынан аталған әдеби тәсіл бойынша мыңдаған мысалдарды таба алады. Бұл заттарды өз контексінен бөліп қарау тәсілі Толстойға соңғы шығармаларында қалыпты мәселелер мен діни салттарды талдауда шеттету тәсілін қолдануға мүмкіндік берді. Бұл ретте жазушы қалыптасқан діни сипаттамалардың орнына олардың қарапайым өзгешеліктерін пайдалануға тырысты... Кейде дінге қарсы деп танылатын түсініксіз сипаттамалар пайда болып, көпшіліктің наразылығын да тудырды. Дегенмен, оның барлығы да сол аталмыш тәсілдің өзі деп танылып, Толстой қаламынан туған шығармалардың қабылдау мен баяндау өзегі деп қарастырылды» (3), – деп дәйектейді.

Қорытындысында Виктор Шкловский Спенсердің «Стиль философиясы» атты еңбегіне сүйене отырып, ырғақтың түрлері мен қызметін талдады. Зерттеушінің ойына сәйкес, Спенсер ұсынған ырғақ туралы түсініктеме сөзсіз қабылдануға тұратын ақиқат іспеттес. Оның астарында «бір қалыпта берілмейтін соққылар бізді еріксіз шектеуде, кейде тіпті қажеті жоқ толқуда ұстайды... Ал бірқалыпты соққылар кезінде адам өз күшін үнемдеуге тырысады» деген Спенсер тұжырымы назарға алынды. Дәл осы жерде Шкловский поэзия тілі мен проза тілінің айырмашылығын ескеру қажеттігін баса айтып өтеді. Зерттеуші Спенсердің бұл айырмашылыққа мән бермегенін ескере отырып, ырғаққа тән екі түрлі сипаттың орын алатынына айрықша назар аударады. Проза тіліндегі ырғақты Шкловский автоматты түрде жұмысты жеңілдететін команда ретінде қабылдайды. Музыка ырғағымен жүрген жеңіл, бірақ қызу әңгіменің ырғағын сақтай адымдаған да қиын емес деп тұжырымдайды ғалым, себебі бұл әрекет адам санасындағы ырғақтан туындайды деп есептеледі. Ал поэзияның ырғағы бұдан бөлек деп түсіндіріледі (3).

Бүгінгі дәрісті қорытындылай келе, біз әдебиет теориясында орын алған «шеттету» әдісі өз алдына бөлек ғылыми ұғымдар қатарын құрайтынына ерекше назар аударғымыз келеді. Оның астарында «адамның шеттету қабілеті кез келген шығармашыл санаға тән, оның ішінде ғылымның да, өнердің де, саясаттың да үлесі бар деген қабылдау орын алатынын ескерген жөн. Ол дайын алгоритммен жаңа тұжырымдар жасау кезіндегі ғылымның бірқалыпты дамуында әлсіз байқалады. Ал тұжырымдамалық аппарат немесе парадигмалар, әдістемелік құрылымдар өзгеріске ұшыраған кезде айқын да қарқынды көзге түседі. Томас Кунның



зерттеулеріне сәйкес, ғылыми парадигмалардың өзгеруі ғалымдарды басқа, бейтаныс әлемге жетелегендей болады. Бұл жерде тіпті бұрыннан таныс заттар да басқа жағынан танылып, «ойға қонбайтын» идеялардың қалыптасуына әсер етеді, сол арқылы жаңа ғылыми ілгерілеудің басты құралына айналады» (4). Сонымен, «шеттету қабылдау мен тануды өзгертетін ойлау мен таразылау феномені» деп есептелетіндіктен, зерттеушілер шығармашылықты өнер ретінде өзгеше және тартымды ету қажеттігіне баса назар аударды. Бұл қатарда Новалис, С. Эрнст, Л. Толстой көзқарастары ерекше аталады. Аталмыш термин «раса» атты көне үнді идеясымен, Платонның «танымның бастауы таң қалудан басталады» деген ой-пікірімен астарлас болды. Виктор Шкловский еңбектерінің ерекшелігі – шеттетуді айрықша тәсіл ретінде бөліп көрсету, әрі арнайы терминмен анықтауы болып саналады. Осы артықшылық Эдин Баллоудың да назарын аударды. Сол арқылы зерттеуші эстетикалық қабылдау тұжырымдамасын негіздеді. Бұл идея Сергей Эйзенштейн мен Бертольд Брехттің эстетикалық көзқарастарында өз жалғасын тапты (4).

В. Шкловскийдің өз идеясы өмірінің соңына дейін маңызды болып қала берді. Ол: «Әлемді шаң басуда, біз болсақ, оны сезінуден қалып отырмыз. Өмір айнасын шаң басуда, сәйкесінше адамның өмірі де қызықсыз, күңгірт тартып барады. Ал әдебиет, жазушы өзінің сюжетімен осы айнаны тазалайды және адам өмірін қайтадан қалпына келтіріп, оған мән бере бастайды» – дейді.

Бақылау сұрақтары

1. В. Шкловский қабылдаудың жалпы заңдылықтарын қалай сипаттайды?
2. Алгебра мен тілдесу арасындағы параллель ұстанымының ерекшелігі неде?
3. Л. Толстой шығармаларындағы «шеттету» тәсілінің мәнісі қандай?

Қолданылған дереккөздер

1. Джули Ривкин мен Майкл Райан. Әдебиет теориясы: Антология. 3-басылым. 32–37 беттер.
2. Запись из дневника Льва Толстого, 29 февраля 1897 года. Никольское. «Летопись», декабрь 1915, стр. 354.
3. Виктор Шкловский. Искусство как прием. // <http://www.opojaz.ru/manifests/kakpriem.html>
4. Проективный философский словарь: Новые термины и понятия // Под ред. Г.Л. Тульчинского и М.Н. Эпштейна. - СПб.: Алетейя, 2003, с. 285-286. // <http://ec-dejavu.ru/o/Ostranenie.html>